



**Қазақстанның бала құқығы жөніндегі уәкілі Аружан Саин:  
Атқарушы орындардың жауабына  
күмәнмен қараймын**



– Аружан, Қазақстанның бала құқығы жөніндегі уәкілі болып тағайындалғаныңыз қоғам үшін күтпеген, оқыс шешім секілді әсер қалдырғаны рас. Себебі биліктің ортасынан емес, қауымның өз ішінен келген соң солай қабылдаған болармыз. Әйтсе де бұл қызметке сізді балалармен жұмыс істеген ұзақ жылғы тәжірибеңіз жетектеп әкелгенімен ешкім дауласа қоймас. Бұл салада мәселе де, қиындық та көп. Сіз өзі-

## **нізге жүктелген көп міндеттің ішінде ең бастысы деп қайсысын алабөтен атаған болар едіңіз?**

– Кез келген мемлекеттің басты міндеті – әлеуметтік жағдайы немесе денсаулық әлеуетіне қарамастан, балалардың толық дамуы үшін жан-жақты жағдай жасау. Елімізде, әсіресе денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларына байланысты шешімін таппаған мәселелер өте көп. Балалардың құқығын қорғаудың тетігі мен жолдарын жаңалап, қалыптастыру, жүйеленген бірқатар қиындықтардың шешімін табу бірінші кезектегі мәселе болып тұр. Қазақстан Республикасында балалардың құқығын қорғау бойынша кімнің уәкіл болып тағайындалатынына қарамастан, бұл тетік кедергісіз жұмыс істеуі тиіс. Егер ретімен айтсақ, балалардың денсаулығы басты орында тұр.

Балалардың жаны мен тәнін жастай мүгедектікке ұрындырудың алдын алу баланың денсаулығы мен өмірін қорғауды, дені сау ұлт өсіруді қамтамасыз етеді. Бұл дегеніңіз болашақта балалар мүгедектігіне апарып соқтыратын ауруларды уақытында анықтау, диагноз қою, емдеуді ерте бастан қолға алу, сауықтыру деген сөз. Бүгінде денсаулығында кінәраты бар балаларды сауықтыру мен қалпына келтірудің жолдары ескірген, әр баланың өмірі жеке қарастырылмаған әрі сырқат балалардың сұранысына жауап бере алмайды. Бүгінгі бұл жүйе Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі секілді үш бөлек ведомствоның қызметіне негізделген. Сол себепті жүйені дұрыс құру үшін маңызы зор дайындық жұмысын сауатты жүргізу міндетіміз. Ең бастысы, денсаулық, әлеуметтік қорғау және білім күштерін біріктіре отырып, жүйені халықаралық стандарттарға сай құру керек. Медициналық-әлеуметтік-педагогикалық сауықтырудағы ведомствоаралық қарым-қатынасты ретке келтіру қажет. Уәкілдің қызметі бір адамның көзқарасына және оның командасының қайрат-жігеріне ғана байланысты емес. Оның жұмысы мемлекеттік қызмет, қоғамдық ұйымдар, дәрігерлер, педагогтер, ата-аналар мен айналасына сергек қарайтын адамдармен, яғни әрқайсымызбен – Қазақстанның барлық ересек азаматтарымен тығыз байланысты.

**– Өзіңізге де белгілі, үйлесімді әрі кешенді бала тәрбиесі біздің қоғамдағы өткір мәселе күйінде қалып келеді: бүкіл спорт секциялары, өнер үйірмелері, тіпті жай ғана сабақты қосымша оқу дегеннің бәрі де ақылы және арзан тұрмайды. Осы жағдайға сіздің ұйымыңыздың ықпал ету мүмкіндігі бар ма?**

– Ілгеріректе бағдарламада айтып өткенімдей, кез келген елдің басты капиталы – адамдар, яғни бұл – саналы, мақсатқа жету жолында талпынысы зор, бәсекеге қабілетті болып өсуі үшін қажетті күш, қуат, қаржы бүгін жұмсалуды тиіс балалар. Өз қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістікке жетуі үшін оларға барлық жағдай бүгін жасалуы тиіс. Спорт, мәдениет және ғылым – суицидтің, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, болашақта қылмыс санының азаюының, келешекте азаматтардың денсаулығына аз шығындалудың ең бастысы алдын алу шарасы болмақ. Сондай-ақ бұл жастардың білімі мен тәрбиесін кешенді шешудің, қоғамның моральдық-психологиялық ахуалын дұрыс қалыптастырудың да амалы.

Бұл жерде де қолданыстағы жастар мен балалар саясатына түбегейлі өзгеріс жасау қажет. Қазақстандықтардың жас буыны өз таланты мен арманын жүзеге асыруды бүгіннен бастап үйренуі керек. Бұл біздің қолымыздан келетін, балаларымызға беруге тиіс басты мүмкіндігіміз. Оларды біз бүгін қалай тәрбиелесек, Қазақстанның ертеңгі келешегі де солай қалыптаспақ. Балалардың мектептен тыс уақытын тиімді ұйымдастыру үшін Қазақстанның барлық өңіріндегі әкімдіктерге Уәкілдік атынан хат жолданып, жергілікті атқарушы биліктен балаларды қосымша білім берумен қамтып, секциялар мен үйірмелерде жаттығуы үшін тек білім мекемелерінен ғана емес, жеке кәсіпкерлік саладан, ЖШС, спорт, мәдениет қауымдастықтарынан, ҮЕҰ-ны тарта отырып, жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруды сұрадым. Егер балалар ең болмағанда екі үйірмеде жаттығуға мүмкіндік тапса, ата-аналардың қаржысы үнемделіп, бұл ақшаны сапалы

тамақтануға, киімге, бірлескен отбасылық қажеттілікке бағыттаған болар еді. Баланың дұрыс дамуы үшін қаржы салынуы керек. Өкінішке қарай, жергілікті атқарушы орындардан келген жауаптарды жалтарма деп қабылдауға мәжбүрмін. Олардың маған жолдаған хатында айтылған «60-80 пайыз балалар сабақтан тыс жаттығулармен қамтылды» деген жауапқа өте күмәнмен қараймын. Егер бұл шын болса, олар айтқандай, балалардың көпшілігі үйірмелерде жаттығып жүрсе, бұл мәселе дәл осылай өткір қойылмас еді, жұрт ішінде, оның ішінде әлеуметтік желіде сыни тұрғыда талқыланбас еді. Мысалы, Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылвананың айтуынша, Алматы мен Түркістан облыстарында бұл көрсеткіш 15 пайыздан аспайды. Балалардың білімі мен тәрбиесіне байланысты жергілікті биліктің жалған қарым-қатынасы туралы мен 5 қарашадағы Президент Қ.Тоқаевпен өткен кездесуімде да айттым. Президентке әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалар құқығы бойынша қабылдануы тиіс кешенді шешімдер мәртебесі туралы баяндадым. Осындай бірқатар мемлекеттік орындар мен жергілікті биліктің жалған ақпарынан туындайтын күрделі мәселелерде қолдау білдіруін өтіндім. Сондай-ақ біз жыныстық зорлық-зомбылық көрген балалардың құқығын қорғау туралы да әңгіме қозғап, кейбір жағдайларды Президенттің өз бақылауына алуын өтіндім. Бірқатар бағыттар бойынша мемлекет қаржысын тиімді пайдаланудың жолдарын талқыладық.

**– Қазақстандағы бала асырап алудың айналасында дау-дамай көп. Шетелдіктер кедергісіз асырап алып келген қарагөз балаларымыз өз азаматтарымыздың қамқорлығына оңайлықпен беріле қоймайды. Бұл саламен уәкілдіктің байланысы қалай?**

– Қазақстанда балалардың құқығын қорғау бойынша бірқатар заңдық-нормативтік база бар. Бірақ орындалуында кілтипан жетерлік. Дәл қазір Мәжілісте балалар құқығын қорғау бойынша тұтас құжаттар қаралып жатыр. Ондағы жобалардың бірі жан басына шаға қаржыландыру, яғни Қазақстанның барлық баласын мемлекеттің қаржысы есебінен қосымша білім беруді қамтамасыз етіп, айрықша білім берудің қажеттілігі бар балаларға арналған түзету қызметін жан басына шаға отырып қаржыландыруды көздейді. Сондай-ақ әскери шиеленісті аймақтардан оралған балаларға көмек беру де заңдағы маңызды мәселе болып отыр. Мәжілісте қаралатын заңнамаға өте маңызды түзетулер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғауға қатысты. Мәселенің мәнісі мынада: Қазақстан аумағында тіркеуден өткен және қазақстандық балаларды шетелдіктердің асырап алуына көмектесетін шетелдік агенттіктер жұмыс істейтіні белгілі. (Балаларды қорғау және баланы шетелдіктің асырап алуына қатысты ынтымақтастық туралы Гаага Конвенциясы, 2010 жыл)

Алайда заңнамада ұлттың шетелдіктерден бала асырап алу басымдығы болуына қарамастан, елде қазақстандық азаматтардың бала асырап алу процесінде дәл осындай қолдауға ие қазақстандық агенттіктер жоқ. Бұл шара Бала құқықтары туралы Конвенцияның 20-бабына сәйкес этностық шығу тегін, діни және мәдени тобы мен ана тілін, бала тәрбиесінің сабақтастығын ескере отырып, қазақстандық балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қажет. 2018 жылдың қараша айында VIII Азаматтық форумда «Ана үйі» қоры бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес Ұлттық агенттік құру туралы бастама көтерді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев қордың бастамасын қолдап, бұл мәселені пысықтауды тапсырды. Бұл шешім еліміздегі балалар үйлерін деинституционализациялау бойынша көптеген ҰЕҰ-ның көпжылдық жұмысының жалғасы болды және көптеген үкіметтік емес ұйымдарға да, жүздеген жетімдерге да үміт отын жақты – жақын арада біздің елімізде балалар үйлері ұғымының өзі жойылады, ал ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар отбасында тәрбиелену құқығына ие болады. «Ана үйі», «Дом» ҚҚ, сондай-ақ басқа да ҰЕҰ Елбасының тапсырмасын орындау үшін БҒМ құрған жұмыс тобының құрамына кірді. 2019 жылдың 9 айында «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне түзетулер бойынша

ұсыныстар пысықталды. Коммерциялық емес ұйымдар базасында қазақстандық ұлттық агенттіктерді құру қазақстандық асырап алушы ата-аналардың шетелдік асырап алушылармен теңдігін белгілеп, қазақстандық балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз етеді. Балаларды отбасына орналастыру жөніндегі функциялар үкіметтік емес және мемлекеттік секторлар арасында ажыратылатын болады. Бала асырап алуға көмектесетін ұлттық агенттіктер асырап алушы ата-аналарға кеңес беруді, оларды моральдық тұрғыда әзірлеп, сүйемелдеуді, балаға ата-аналарды іріктеуді, сондай-ақ балаларды психологиялық тұрғыда даярлауды жүзеге асырады. Ал қорғаншылық және қамқоршылық міндетін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар балаларды орналастыру саласында есеп жүргізіп, үйлестіру мен бақылауды қолға алады. Балаларды отбасына орналастыру жөніндегі қызмет мемлекеттік органдарда – әкімдіктерде, ювеналды соттарда қалады.

**– Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі жайында сөз қозғалғанда ең алдымен ойға оралатын сөз – «педофил». Қорғансыз балаларымыздың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз және оларды педофилдерден қалай қорғаймыз?**

– Президент өз Жолдауында аса ауыр қылмыстар үшін жазаны қатаңдату қажеттігі туралы нақты айта келіп, елімізде заңдарды тым ізгілендіруге әуестенгенін атап өтті. Өткенде Парламент Мәжілісінің депутаттары Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру бойынша заң жобасын талқылады. Бұл түзетулерді мен Бас прокуратурамен бірлесіп пысықтадым. Бұл заң жобасының нормаларында ауыр қылмыстар, соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейту көзделген. Мен мұнымен толықтай келісемін. Зорлықшылар жоқ нәрсеге сеніп жазадан сытылып кетемін деп ойламауы керек. Бұл жерде қоғамның осы зұлымдыққа қатысы кем емес. «Абайлық» бала – осының мысалы. Бұл сұмдық оқиға бүкіл БАҚ, әлеуметтік желіде кең көрініс тапты. Осы 7 жастағы баланың ісі бойынша тергеу жүргізгенде, біз жағдайды назарға алып, оның отбасына көмектестік. Біз шетелдік сарапшылардың – сот-медициналық сарапшылардың, психологтар мен психиатрлардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болдық. Осы қылмыстық іс бойынша олармен сөйлеспей тұра алмадым. Кездесулердің бірінде «балалар осындай қорқынышты іске қалай барады?» деп сұрадым. Жоғары сыныптың оқушылары төменгі сыныптың балаларын неге жәбірлейді? Жаратылыс заңдылығы бойынша, әуелден ер бала қызға назар аударады емес пе? Бұл сұраққа Ресей мен Қырғызстан психиатрлары бірдей дауыспен өте дәл анықтама берді: бұл жерде мәселе нәпсіқұмарлықта немесе жыныстық түйсігін қанағаттандыруға қатысты емес, егер баланың өз-өзіне сенімділігі бекімесе, спорт, шығармашылық сияқты өзіне қолжетімді қызықты мүмкіндіктер арқылы ішкі сенімін орнықтыра алмаса, ол бейсаналы түрде өз аяғымен құрдымға қарай бет алады. Жасөспірімдер басқа адамның жеке басын барынша кемсітіп, қорлау арқылы өз-өзіне сенімділігін нығайта түседі және бұл зорлық-зомбылық – жасөспірімдердің өзін мойындатудың ең шетін түрі. Бұл қорқынышты. Ал осындай жасөспірімдерді үлкендердің қорғауға көшкені одан да өткен қорқынышты. Мектеп әкімшілігі, жергілікті әкімдік, білім бөлімі, жергілікті полиция, прокуратура балаға жасалған қылмыстың заңды тергелуіне кедергі болды, осылайша Қазақстанның барлық балаларына ересектердің жәбірлеушілер мен агрессорларды қорғайтынын көрсетіп берді. Есіңізде болса, Сарыағаш ауданы білім бөлімінің басшысы мұның мүмкін емес екенін, егер қылмыс дәлелденетін болса, орнын босататынын айтқан болатын. Ол соттан кейін де орнын босатқан жоқ, ол тіпті қылмыс дәлелденген кезде де және қылмыстық жауапкершілік арқалауға жасы жеткен жәбірлеушіге мерзім кескен сот үкімінен кейін де жұмысынан босаған жоқ.

Неге ересек адамдар бүкіл ел алдында зорлықшыны қорғайды, ол үшін тіпті ешқандай жауапкершілік көтермейді? Мен әлі күнге осыған таңғаламын. Семей интернатындағы жәбірленген балалардың ісі секілді, тіпті педофилдерді қорғаған «қоғамдық белсенділер» де табылды. Ал балалар бассыздықтың бәрін біліп отыр. Бала егер бақытсыздыққа ұшырап, ол туралы біреуге айтса, өзіне біреудің қорған болатынына сенбейді, керісінше, бәрі өзіне және отбасына жабыла кететінін сезеді. Өзін өтірікші деп айыптайды, анасын,

әжесін дұрыс тәрбие бере алмаған жаман адамдардың қатарына апарып қосады. Ересектердің бәрі менің құқығымды таптаған менің жәбірлеушілерімді қорғайды деп ойлайды. Қаншама жылдар бойы біздің жүйе бүкіл елге осы мысалды дәлелдеп келеді. Ар-ождан, әділдік қайда сонда? Осыдан кейін балалардың өзінен не күтуге болады? Сөйтіп балалар өзінше түйін жасайды: сені біреу қорғауы үшін сен қатыгез, қылмыскер болуың керек. Сондықтан осыған жол беріп отырған шенеуніктер жауапкершілік арқалауы тиіс деп ойлаймын.

**– Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің көмегі қажет болған қазақстандықтардан жыл басынан бері қанша өтініш келіп түсті? Бұл өтініштердің мазмұны қандай?**

– Бала құқығы жөніндегі уәкіл қызметіне мен 18 маусымнан бастап кірістім. Ата-аналар тарапынан сұрау-жүгіну күн сайын келіп түсіп жатады. Негізінен, отбасы барлық мемлекеттік құзырлы мекемелердің есігін қаққаннан шаршап, тұмсығы тасқа тіреле бергеннен кейін амалсыз бізге жүгінеді. Сол өтініштердің бірінен тірліктен түңілген жанның жанайқайы сезілсе, бірінен өмірлік қиын түйінді шеше алмай қамыққан жанның үні естіледі. Алайда олардың барлығы біздер, үлкендер шешуге тиісті проблемалар. Орта есеппен айына 30-35 сұрау салу келіп түседі. Сұраудың тақырыбы сан түрлі: алимент ала алмай қиналған ананың зары, жеңілдікпен баспана алу туралы өтінішін мемлекеттік орындардың негізсіз қайтаруы, ата-анасы ажырасқан жағдайда баланың орнын анықтаудың заңдылығы, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығының бұзылуы, кәмелетке жасы толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық оқиғасы туралы хаттар жиі келеді. Сондай-ақ ауыр сырқаттарды емдеу, мүгедек балаларды керек-жарағымен қамтамасыз ету, туа бітті ақаумен туған балаларды емдеу, оның ішінде оларды міндетті ақысыз дәрі-дәрмекпен емдеу, тағы сол сияқты толып жатқан өтініштер бар.

**– Балалардың құқықтарын қорғаудағы қандай мәселелерді сіз неғұрлым өзекті деп санайсыз?**

– Балалардың құқығын қорғау саласында өзекті емес мәселелер болмайды. Бірақ бала мәселесіндегі басты фактор тағы да жергілікті атқарушы билікке келіп тіреледі, көмекке мұқтаж балалар өмір сүріп отырған қалалардың, кенттердің, ауылдардың әкімдіктеріне келіп тіреледі. Себебі қай жерде болса да, мұндай шешімдердің орындалуы өте баяу жүреді. Жоғарыда аталған проблемаларды шешу дегеніміз – елдегі әлеуметтік шиеленісті төмендету деген сөз. Сондай-ақ бюджет есебінен өтетін имидждік «іс-шаралар» (концерттер, мерекелер, спорттық жарыстар) санын шектеу қажет. Оның орнына балалар мен жастарымыз бір-бірімен өзара жарыссын, ол үшін тегін байқаулар, фестивальдар мен жарыстарды молынан ұйымдастырып берейік. Бұл үшін спорт залдарын немесе стадиондарды, театр сахналарын әкімдіктер ақы төлемей алып беруі қажет.

**– Балалардың өздері сізге шағымданған кезі болды ма?**

– Өзірге ондай жағдай болған жоқ.

**– Балалар үйлеріндегі балалар құқықтарының сақталуын кім бақылайды және кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзғаны үшін интернаттардың директорлары, тәрбиешілер және басқа да қызметкерлер қандай жауапкершілікке тартылады?**

– Балалар мекемелерінде балалардың құқықтарын сақтау үшін мекеме әкімшілігі жауап береді, ол заңға сәйкес сондағы балалардың қамқоршысы.

Балалар мекемелерінде балалардың құқықтарының сақталуын бақылайтындар:

– БҒМ қарамағындағы балалар үйлерінде – қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды атқаратын жергілікті атқарушы органдардың білім бөлімдері мен басқармалары.

– ДСМ қарамағындағы балалар үйлерінде – жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау бөлімдері мен басқармалары.

– «Ерекше» балаларға (мүгедек балаларға) арналған интернат үлгісіндегі балалар мекемелерінде – жергілікті атқарушы органның әлеуметтік қорғау бөлімдері мен басқармалары.

– Барлық түрдегі және үлгідегі балалар мекемелерінде БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті.

Заң бойынша балалар мекемесінің әкімшілігі мен қызметкерлері балалар құқығын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Іс жүзінде, өкінішке қарай, мекеме әкімшілігі мен оның қызметкерлері өте сирек жазаланады. Менің ойымша, бұл жерде мәселе, ең алдымен білім бөлімдері мен басқармалары айналасында тығыз орныққан тамыр-таныстықта. Балалар мекемесіндегі баланың құқықтары бұзылған әрбір жағдай мекеменің түрі мен үлгісіне қарамастан уәкілетті, құқық қорғау органдары мен прокуратура органдары тарапынан мұқият қадағалаудың нысанасы болуы қажет. Балаларға тікелей әрі жанама қатысы бар әрбір жағдай бойынша тергеу жүргізілуі, кінәлі адамдар заңмен белгіленген жауапкершілікке бұлжытпай тартылуы тиіс. Әзірге біз балалар құқығының бұзылуын анықтайтын прокурорлық тексерулердің нәтижесі бойынша ешқандай шара қолданылмайтынын көріп отырмыз. Көбіне бұл тексерулер тек тексеру үшін ғана өтеді. Сондықтан жүйені түбегейлі өзгерту қажет. Балалар үйін мүлде жаңа үлгіде жаңғыртып, өзгерту керек.

**– Балалардың құқықтарын тиімді қорғау үшін сізге тағы қандай өкілеттіктер қажет?**

– Қазақстанның бала құқығы жөніндегі уәкілі – бұл қоғамдық қызмет. Қазір Бала құқығы уәкілдігі туралы заңды өзгертуге, оны халықаралық нормаларға сәйкес келтіруге күш салып жатырмын. Уәкілге ағымдағы мәселелер мен кешенді мәселелердің көпшілігін жедел және байсалды шешу үшін қызметкерлер командасы керек, ал қызметкерлер штаты – олар еліміздің барлық аймақтарындағы заңгерлер, психологтар, педагогтер, әлеуметтанушылар. Ал біздің балаларымыздың заңды құқықтарын толық көлемде орындау үшін жергілікті билік органдарына ықпал етудің пәрменді тетігі қажет. Кәмелетке толмағандардың құқықтарына қатысты барлық заңдар мен нормалардың орындалуы бойынша қоғамдық және мемлекеттік бақылау қажет.

**– Егер сізге ресми органдар мен ведомстволардың көмегі қажет болса, олар дереу сізге көмектесе ме әлде созбұйдаға салып, соңын құрдымға жібере ме?**

– Жоғарыда келтірген мысалдарда мен әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарға жүгінуге тура келетін проблемаларға әрдайым шынайы қарым-қатынас бола бермейтінін көрсеттім. Көзбояушылығы көп, немқұрайлы қарым-қатынастың да болатынын жасырмаймын, бірақ оны жеңу қолымнан келеді, бастысы, адамдарды сындарлы, тиімді жұмысқа бағыттай алу. Жұмыс бабында кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторлармен, департамент басшылары, орынбасарлары, әкімдер, министрлер мен вице-министрлермен сөйлесуге тура келеді. Олардың тарапынан салғырттық байқасам, жөнсіздігін бірден айтамын. Мен бұл жұмысқа «дос болу» үшін, біреулермен қарым-қатынас орнату үшін келгем жоқ, маған жайлы орынтақ, билік немесе ақша қажет емес. Маған тек нәтиже керек. Егер нәтиже болмаса, лауазымды тұлғаның атқаратын қызметіне лайықтығы туралы мәселе қоюға дайынмын. Мемлекет басшысы мен Президент Әкімшілігіне балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне және проблемаларын шешуге зор көңіл бөлгені үшін, нақты қадамдар мен шаралар үшін рахметімді айтқым келеді.

Әңгімелескен **Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ**